



ҚАУЛЫСЫ
2024 жылғы «16» сәуірдегі № 1
Атырау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
«16» апреля 2024 года № 1
город Атырау

**Су тасқыны кезеңінде
санитариялық-профилактикалық
іс-шараларды күшейту туралы**

Су тасқыны аймағында халық арасында инфекциялық аурулардың таралуының алдын алу және Атырау облысының аумағында санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 102-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Атырау қаласының, аудандардың әкімдеріне:

1.1. Зардап шеккен аумактардағы су құбыры жүйелері мен құрылыштары істен шыққан жағдайларда:

1) халықта шаруашылық-тұрмыстық мақсаттар үшін мамандандырылған автокөлікпен жеткілікті мөлшерде сапасына кепілдік берілген су жеткізуіді не бөтелкедегі ауызсуды (тәулігіне бір адамға кемінде 3 литр есебінен) таратуды ұйымдастырысын;

2) су алу орындарында сумен қамтамасыз ету объектілерін және ашық су көздерін қарап-тексеруді ұйымдастырысын;

3) ауылдық және қалалық елді мекендерде пайдаланылатын орталықтанған және орталықтанбаған сумен жабдықтау көздеріне (каптаждарға, құдықтарға, ұңғымаларға) ерекше назар аударсын;

4) халықты қайнамаған суды ауызсу мақсатында пайдалануға тыйым салу туралы хабардар етсін. Суды тасымалдау (беру) кестесін әзірлесін және халықтың назарына жеткізсін.

1.2. Санитариялық-профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін:

1) дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қаражат бөлуді көздесін;

2) орталықтанған және орталықтанбаған сумен жабдықтау жүйелерін (каптаждар, құдықтар және т.б.), суды бұру жүйелері мен құрылыштарын (қазба шұңқырларды, аула қондырығыларын қоса алғанда), аумақтар мен ғимараттарды

өндөу үшін дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау құралдарының қорын құрсын.

1.3. Уақытша орналастыру пункттерінде (УОП):

- 1) эвакуацияланған халықтың және тұрғындарға көмек беретін контингenterдің (әскерилер, студенттер т.б.) тұруына, тамақтануына және тұрмыстық қамтамасыз етілуіне тиісті жағдайлар жасасын;
- 2) гигиеналық заттарды (сабын, дезинфекциялау құралдары) таратуды, жуынуды, кірлерді жууды ұйымдастырысын;
- 3) үй-жайларды уақытын тазалауды, дезинфекциялауды, желдетуді қамтамасыз етсін, микроклиматқа өлшеу жүргізсін;
- 4) санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес оқушыларды оқыту және тамақтандыру режимдерін сақтай отырып, білім беру үйімдарында ашылған УОП-да санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етсін.

1.4. Су басқан аймақтарда:

- 1) су мен топырақтың инфекциялық қауіпсіздігі дәрежесіне мониторинг жүргізсін және бағаласын;
- 2) ветеринариялық бақылау органдарымен бірлесіп су басқан аймаққа енген мал қорымдары мен сібір жарасының топырақ ошақтарында қорғау іс-шараларының жүргізуін бақылауды қамтамасыз етсін.

1.5. Су тасқыны жағдайын тұрақтандыру кезінде:

- 1) су құбыры жүйелері мен құрылыштарын, орталықтанған сумен жабдықтау жүйелерін тазалауды және дезинфекциялауды;
- 2) арнайы бөлінген участкерде жиналған қалдықтарды кәдеге жарата отырып, елді мекендердің аумактарын (жеке үй иеліктері, тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары мен полигондары, зираттар, контейнерлік алаңдар және басқа да объектілер) санитариялық тазалауды; қажеттілігіне байланысты әрі қарай дезинфекциялауды жүргізуі;
- 3) сібір жарасы көмілген ошақтарды зертханалық зерттей отырып, халық және жануарлар - арасында инфекциялық аурулардың және аса қауіпті инфекциялардың таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізуі қамтамасыз етсін;
- 4) Қызылқоға ауданының Жангелдин, Қоныстану ауылдарында орналасқан сібір жарасы мал қорымдарын реконструкциялау және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;
- 5) су тасқыны аяқталғаннан кейін су басқан аумақтарда, сібір жарасы мал қорымдарында дезинфекциялау және дератизациялау іс-шараларын жүргізу, өлген жануарларды белгіленген талаптарды сақтай отырып жинау және көму (кәдеге жарату).

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

- 2.1. Су тасқыны кезеңінде емдеу-профилактикалық мекемелердің науқастарды уақытын анықтауға, диагностикалық тексерулер жүргізуге, емдеуге жатқызуға, оларға білікті медициналық көмек көрсетуге дайындығын қамтамасыз етсін;

2.2. Дәрі-дәрмек және дезинфекциялау құралдарының, медициналық иммундық-биологиялық препараттардың және шүғыл профилактика құралдарының қажетті қорын күрсын;

2.3. УОП-ға эвакуацияланған адамдарды күнделікті медициналық бақылауды қамтамасыз етсін;

2.4. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен бірлесіп су басуы ықтимал аймақтарда эпидемиялық көрсеткіштер бойынша иммундауға жататын халықтың контингенттерін айқындау және иммундау жүргізуі қамтамасыз етсін;

2.5. Халық арасында инфекциялық аурудың әрбір күдікті және расталған жағдайына санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарына шүғыл хабарламаларды жедел жіберуді қамтамасыз етсін;

2.6. «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық аурулар, улану оқиғалары туралы ақпарат (шүғыл хабархат) беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 26 қазандағы № ҚР ДСМ-153/2020 бүйрығына сәйкес УОП-ға эвакуацияланған, инфекциялық ауру белгілері бар адамдарды дереу оқшаулауды және эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізуі қамтамасыз етсін;

2.7. Инфекциялық аурулармен ауыратын науқаспен байланыста болған адамдарды медициналық бақылауды қамтамасыз етсін;

2.8. Халық арасында инфекциялық және паразиттік аурулар тіркелген кезде науқастарды оқшаулауды және емдеуге жатқызуды қамтамасыз етсін;

2.9. Халық арасында екпемен басқарылатын аурулардын алдын алу мақсатында 18 жасқа дейінгі профилактикалық екпелерін өткізіп алған адамдарға толықтыра иммундау жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етсін;

2.10. Қызылшамен ауыратын адаммен тығыз байланыста болған 30 (отыз) жасқа дейінгі егілмеген, егілгені туралы деректері жоқ немесе осы инфекцияға қарсы екінші профилактикалық егуі жоқ адамдарға, қызылшага, қызамыққа және паротитке қарсы моновакцинамен науқаспен соңғы байланыста болған сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірілмей шүғыл вакцинациялау жүргізсін;

2.11. Су басқан аймақта тиісті контингенттің (14 жасқа дейінгі балалар) А вирустық гепатитіне қарсы иммундалуын қамтамасыз етсін;

2.12. Вакциналарды сақтаудың қажетті жағдайын қамтамасыз етсін (температуралық ережені сақтау), су басу қауіпі туындаған жағдайда барлық қажетті «салқыннату тізбесі» талаптарын сақтай отырып қауіпсіз участоктарда орналастыруды шешсін;

2.13. Барлық эвакопункттер мен тұрғындарға көмек беретін контингенттердің орналасқан орындарын тәуіліктік медициналық бақылаумен қамтамасыз етсін. Эвакопункттерді медициналық ұйымдарға бекітсін.

3. Орталықтанған су көздерін, сумен жабдықтау жүйелерін және орталықтанбаған сумен жабдықтау көздерін пайдалану бойынша көрсетілетін қызметті жүзеге асыратын занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер:

3.1. Халықты сапасына кепілдік берілген ауызсумен қамтамасыз етсін;

3.2. Реагенттер мен заарсыздандыру құралдарының тәуліктік жұмсалуына қарай қажетті мөлшерінің болуын және оларды есептеуді жүргізсін және су дайындау технологиясының мұлтіксіз сақталуын қамтамасыз етсін;

3.3. Халыққа берілетін ауызсудың, оның ішінде микробиологиялық және вирусологиялық көрсеткіштер бойынша қауіпсіздігіне өндірістік бақылауды күшейтсін;

3.4. Су дайындау технологиясына, сумен қамтамасыз ету объектілеріне қойылатын санитариялық қағидалардың және ауызсу қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерінің талаптарына сәйкес ауызсуды уақтылы заарсыздандыруды жүргізсін;

3.5. Гигиеналық нормативтердің талаптарынан ауытқушылық анықталған жағдайда тез арада мұдделі мемлекеттік органдарды хабардар етсін.

4. Су басқан аймаққа енген аумақтарда тамақ өнімдерін өндіру және өткізу бойынша көрсетілетін қызметті жүзеге асыратын занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер:

4.1. Өнімді өндіру, тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде санитариялық қағидалардың сақталуын және санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың жүргізілуін өндірістік зертханалық бақылауды күшейтсін;

4.2. Тамақ өнімдерін өндіру барысында мекемелерді қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етсін;

4.3. Персоналдың жеке бас гигиенасын антисептикерді пайдалан отырып сақтау жағдайын қамтамасыз етсін, дезинфекциялық режимді қамту шараларын күшейтсін;

4.4. Аумақтарды және өндірістік кәсіпорындарды су басқан жағдайда басқарушылық шешімдер қабылдау үшін мұдделі мемлекеттік органдарды хабарлауды қамтамасыз етсін.

5. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары (бұдан әрі – аумақтық басқармалар) басшылары:

5.1. Орталықтанбаған сумен жабдықтау көздеріне (күдықтарға, каптаждарға, үнкышмаларға) ерекше назар аудара отырып, су басқан аймаққа енген аумақтардағы судың сапасына, су құбыры және көріз желілерінің жайкүйіне тұрақты негізде гигиеналық бағалау жүргізсін. Сәйкессіздік қорытындылары анықталған жағдайда бақылау нұктелерін көбейтіп, зерттеу көлемін кеңейтсін (толық санитарлық-химиялық зерттеу, вирусологиялық зерттеу, паразитологиялық зерттеу). 1 категориялы ашық су көздерінен сынама аптасына 1 рет, соның ішінде энтеровирусқа алынсын;

5.2. Сумен жабдықтау объектілерінің жұмысына, суды дайындау және суды заарсыздандыру технологиясына, сондай-ақ дезинфекциялау және дератизациялау іс-шараларының жүргізілуіне, сондай-ақ су тасқыны салдарын жою кезінде де бақылау орнатсын;

5.3. Су тасқыны кезеңінде, УОП халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің жұмысына, профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуіне бақылауды күшейтсін;

5.4. Эвакуацияланған халықтың 20-дан астамы орналастырылған УОП-да СЭББ мамандарының тәулік бойы кезекшілігін белгілесін;

5.5. УОП-да орналасқан су басқан орындардан эвакуацияланған халықты тамақтандыруды және олардың тұруын ұйымдастыруды бақылауды қамтамасыз етсін;

5.6. УОП үй-жайларын уақтылы тазалауды, дезинфекциялауды және желдетуді бақылауды күшейтсін;

5.7. Су басқан аймақта тиісті контингенттің (14 жасқа дейінгі балалар) А вирустық гепатитіне қарсы иммундалуын бақылауды қамтамасыз етсін;

5.8. Халық арасында екпемен басқарылатын аурулардың алдын алу мақсатында 18 жасқа дейінгі профилактикалық екпелерін өткізді алған адамдарға толықтыра иммундау жұмыстарының жүргізуін бақылауды қамтамасыз етсін;

5.9. Қызылшамен ауыратын адаммен тығыз байланыста болған 30 (отыз) жасқа дейінгі егілмеген, егілгені туралы деректері жоқ немесе осы инфекцияға қарсы екінші профилактикалық егуі жоқ адамдарға, қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы моновакцинамен науқаспен соңғы байланыста болған сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірілмей шұғыл вакцинациялау жүргізуін бақыласын;

5.10. Су тасқыны кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарында халық арасында инфекциялық аурулардың, ең алдымен ішек инфекцияларының жеке және қоғамдық алдын алу шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізуі қамтамасыз етсін;

5.11. Эвакуацияланған халыққа және ТЖ жоюға қатысатын мамандарға ыстық тамақты ұйымдастыруға тартылған қоғамдық тамақтану объектілерінде және УОП-да ауызсу мен дайын тағамдардың сынамаларын іріктеуді жүргізсін.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-ның Атырау облысы бойынша филиалының директоры:

6.1. Коршаған орта объектілеріне кеңейтілген зерттеулер жүргізу үшін зертханалардың дайындығын, дезинфекциялау құралдарына арналған тест-жүйелердің қажетті қорын қамтамасыз етсін;

6.2. Зертханалық зерттеулерді жедел жүргізуі қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Атырау облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің орынбасары**

А. Исқакова

Согласовано

15.04.2024 18:53 Утепкалиева Жайнагуль Мандыргалиевна

15.04.2024 18:53 Сарсенгалиева Айнагуль Адиловна

Подписано

15.04.2024 18:53 Исакова Айгуль Сабировна



Документ создан в электронном виде в соответствии с законом о прозрачности бюджета. Код документа: 1234567890. Дата создания: 15.04.2024. Модуль: Управление бюджетом. Пользователь: Исакова А.С. Код подпись: 1234567890. Дата подписи: 15.04.2024. Адресат: Утепкалиева Жайнагуль Мандыргалиевна. Код подпись: 1234567890. Дата подписи: 15.04.2024. Адресат: Сарсенгалиева Айнагуль Адиловна. Код подпись: 1234567890. Дата подписи: 15.04.2024. Адресат: Исакова Айгуль Сабировна.